



Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту»

Мақсаты: Рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту;

Қазақ азаматынның бойында ұлттық сананы ояту, жас ұрпақ санасына, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру.

Содан шығатын нәтиже:

Адамның рухани жаңғырудың – табысты ел болуымыздың кепілі екенін біледі.

Түйінді идея:

Рухани жаңғыру болашаққа бағдар

Сананың ашықтығы.

Барлық «менікі емес» деген нәрселерді әдейі итеру емес, үздік жетістіктерді қабылдау мен ашықтық – жетістіктің кепілі және сана-сезімнің ашықтығының бір көрсеткіші.

- Қазіргі заманның көптеген мәселелері, үлкен әрі жаһандық әлемнің екпіндеп өзгеруінің, ал жаппай сананың «үй ауқымында» қалып және барлық «өзінікі емес», яғни «бөгде» болып көрінген нәрселерді әдейі итеруі салдарынан туындап отыр. Бұл мәдени оқшаулауға, болып жатқан жергілікті және жаһандық үдерістерді бұрмалап қабылдауға әкеп қана қоймайды, сондай-ақ ғылыми-техникалық ілгерілеуді тежейді және сыртқы сын-тегеуіріндерге икемді әрекет ету мүмкіндігін шектейді.



Ашық сана-сезімнің сипаттамалары:

1 Бүкіл әлемде, өз еліңнің айналасында, ғаламшардың өз бөлігінде болып жатқан жайттарды ТҮСІНУ. Жаһандық әлемде барлығы тығыз байланысты. Әр мемлекеттік әл-ауқаты оның азамттарының экономикалық қызметінен ғана емес, сондай-ақ ғаламшардың басқа бөлігінде болып жатқан оқиғаларға тәуелді.



Фактілер

Жаһандық қаржылық дағдарыс 2008 жылы Lehman Brothers америкалық инвестициялық банкінің банкроттығы туралы мәлімдемеден басталды. Жапонияда болған жер сілкінісі 2011 жылды әлемдік экономика тарихындағы ең шығынды жыл етті.

Сондықтан әлем туралы өз үйіміздің терезесінен қарап, пайымдайтын болсақ, онда әлемге қандай дауылдар төніп келе жатқанын байқамай қалуға болады және бізді кейде өз тәсілдемелерімізді өзгертуге мәжбүрлейтін сыртқы қозғаушы күштерді де түсінбей қалуымыз мүмкін.

2

Жаңа технологиялық құрылысты әкелетін өзгерістерге **ДАЙЫНДЫҚ**. Ол жақын арадағы 10 жыл ішінде біздің өміріміздің орасан көп құрамдас бөліктерін – жұмысты, тұрмысты, демалысты, адаммен тілдесу тәсілдерін өзгертеді. Осыған дайын болу қажет.

Фактілер

ДЭФ есебіне сәйкес, Индустрия 4.0. роботтық техниканы, автономиялық көлікті, жасанды зияткерді машиналардың, жаңа материалдардың, биотехнологиялардың және геномиканың көмегімен оқытуды жаппай енгізуді болжайды. 2026 жылға қарай кейбір компаниялардың директорларын жасанды зияткер ауыстыра алады, «ақылды» киім ғаламторға қосылады, ал медицина 3D-баспаға негізделеді.




«Индустрия 4.0» немесе төртінші өнеркәсіптік революция – зауыттық үдерістерге «киберфизикалық жүйелерді» енгізу. Бұл жүйелер бір желіге бірігеді, бір-бірімен адам араласпай-ақ, толықтай автономдық тәртіпте байланысатын болады, өздігінен күйге келтіріліп, жүріс-тұрыстың жаңа үлгілерін үйренетін болады.

Мысалы, бұйым өзін шығару барысында, оны шығара алатын жабдықты өзі анықтай алады.

Оқу және өзгелердің тәжірибесін ҚАБЫЛДАУ қабілеті.
Жапония мен Қытай сияқты алдыңғы қатарлы азиялық
державалар, осындай қабілеттерді классикалық іске
асырушылар болып табылады. Бұл елдердің алдыңғы
қатарлы салалары өзгелердің тәжірибесі мен үздік

идеяларын қабылдауға негізделген.
Бастапқыда ким дайындауға арналған өнеркәсіптік тоқыма
станоктарын өндіруші ретінде негізі қаланған Тойота
компаниясы (Жапония), 1934 жылы америкалық компания General
motors-тың ChryslerAirflow седан үлгісінің негізінде «кері
инженерия» тәсілімен алғашқы көлігін жасап шығарды.

Фактілер



Қытайдың экономикалық өсімі шетелдік ғылыми-технологиялық жетістіктерді меңгеруге негізделді.

- АҚШ-тың Ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіптің алдын алу агенттігінің 2010 жылғы баяндамасында Қытай әскерінің жаңғыруы, «қытайдың ғылым мен технологиялық инфрақұрылымына құйылатын инвестицияларға, шетелден жаңа қару-жарақты алуға «мықты» тәуелді» делінген болатын.





Назарларыңызға

рахмет!!!

